

"Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1022 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 801 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 473 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 43 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 20 қарашада № 17763 болып тіркелді

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 3-тармағының үшінші бөлігіне, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. "Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы сақталуының тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1022 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 801 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12656 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 17 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) осы бірлескен бұйрықпен бекітілген осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары жаңа редакцияда жазылсын;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Өнім шығарумен және жасаумен, пайдалы қазбаларды игерумен, өндірумен және қайта өндеумен, құрлыспен және өндірістік қызметтің басқа түрлерімен айналысатын ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парагы жаңа редакцияда жазылсын;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Өндірістік емес саладағы (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру, сауда, тұру және тамақтану бойынша қызметтер) ұйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парагы жаңа редакцияда жазылсын;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Жұмыскерлері еңбек қызметін оғистік орынжайларда жүзеге асыратын өндірістік емес саладағы ұйымдарға қатысты

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парагы жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті заңнамада белгіленген мерзімде:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Н.Б. Әлтаевқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

M. Әбліқасымова

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

T. Сүлейменов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

2018 жылғы _____

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің
2018 жылғы 31 қазандагы
№ 473 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
2018 жылғы 31 қазандагы
№ 43 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1022 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 801 бірлескен бұйрығына
1-косымша

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтаудағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парактарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндеттін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу кезінде бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері – қызметіне бақылау жүзеге асырылатын жеке тұлғалар, занды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар, занды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

2) болмашы бұзушылықтар – еңбек заңнамасының еңбек қатынастарына, кепілдіктер мен өтемақы төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жұмыс беруші қабылдаған актілердің зандылығы бөлігіндегі бұзушылықтары, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту және шетелдік жұмыс күшін тарту туралы заңнамаларды бұзу;

3) елеулі бұзушылықтар – осы тармақтың 4) және 2) тармақшаларына сәйкес өрескел және болмашы бұзушылықтарға жатпайтын еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша бұзушылықтары;

4) өрескел бұзушылықтар – еңбек заңнамасын бұзу осы Өлшемшарттың қосымшасына сәйкес тәуекел дәрежесін бағалаудың субъектілік өлшемшарттарында көрсетілген;

5) тәуекел – жұмыскердің өміріне немесе денсаулығына, оның еңбек міндеттерін атқару кезінде занды мұдделеріне жұмыс берушінің қызметі нәтижесінде, оның ішінде жазатайым оқиғалардың нәтижесінде зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі қызметінің нәтижесіне байланысты бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тәуекелдерді бағалау жүйесі – бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды белгілеу мақсатында бақылау органы жүргізетін іс-шаралар кешені;

9) тексеру парагы – бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын шарттарды қамтитын талаптар тізбесін, оларды сақтамау адамның өмірі мен денсаулығына, жеке тұлғалардың занды мұдделеріне қауіп төндіреді.

3. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттар арқылы қалыптастырылады.

2-тaraу. Объективті өлшемшарттар

4. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдердің жоғары деңгейіне адамның өмірі мен денсаулығына, жеке тұлғалардың занды мұдделеріне қауіп төндіру мүмкіндігі жоғары мынадай:

тау-кен өнеркәсібі және карьерлерді қазу;

электрмен қамтамасыз ету, газ, бу жіберу және ауаны баптау;

өндеу өнеркәсібі;

құрылыш;

тасымалдау және сақтау;

сумен жабдықтау, көріз жүйесі, қалдықтарды жинау және бөлуді бақылау;

ақпарат және байланыс;

ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы сияқты экономикалық қызмет түрінде қызметін жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатқызылады.

Көрсетілген экономикалық қызмет түрлерінде қызметтерін жүзеге асыратын бақылау субъектілеріне қатысты профилактикалық бақылау жүргізуудің кезеңділігі:

жұмыскерлердің саны 250 адамнан асатын бақылау субъектілерін профилактикалық бақылау – жылдан бір рет;

жұмыскерлердің саны 100-ден астам, бірақ 250-ден көп емес жұмыскерлері бар бақылау субъектілерін профилактикалық бақылау – 3 жылда бір рет;

жұмыскерлердің саны 100 адамнан аспайтын бақылау субъектілерін профилактикалық бақылау – 5 жылда бір рет.

5. Осы Өлшемшарттардың 4-тармағына енгізілмеген бақылау субъектілері обьективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылмаған және оларға қатысты жоспардан тыс тексеру жүргізілмейді.

3-тaraу. Субъективті өлшемшарттар

6. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу мақсатында осы Өлшемшарттарға қосымшасаға сәйкес тәуекел дәрежесін бағлаудың субъективті өлшемшарттары қолданылады.

Тәуекелдердің дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) алдыңғы тексерулердің және субъектіге бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте, бұзушылықтар дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) тексеру парактарында көрсетілген Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда белгіленеді;

2) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқигалар;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

4) уәкілетті органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;

5) бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы берілетін есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері.

7. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар қалыптастырылады, оларға мынадай: өрескел, елеулі, болмашы бұзушылық дәрежелері беріледі.

8. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежелерінің көрсеткіштерін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне барумен профилактикалық тексеру жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, онда тәуекел дәрежесінің көрсеткішін айқындау үшін елеулі және болмашы бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7$$

мұндағы:

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

9. Болмашы бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3$$

мұндағы:

SP_H – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

10. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (SP) 0-ден бастап 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу жолымен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H$$

мұндағы:

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші.

11. Барлық ықтимал тәуекелдерге талдау жүргілгеннен кейін, бақылау субъектісі тәуекелдің екі дәрежесі бойынша (тәуекелдің жоғары және жоғары дәрежесіне жатпайтын) бөлінеді.

12. Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштеріне байланысты бақылау субъектісі:

1) 0-ден бастап 60-ты қоса алғандағы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде – бақылау субъектісіне бару арқылы болатын профилактикалық бақылаудан босатылады;

2) 61-ден бастап 100-ді қоса алғандағы тәуекел дәрежесінің көрсеткіші кезінде – бақылау субъектісіне бару арқылы болатын профилактикалық бақылаудан босатылмайды.

13. Бақылау субъектісінде жұмыс берушінің қызметі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес келетінін растайтын сенім сертификатының болуы Өлшемшарттардың 4-тармағында көзделген кезеңділікті ескере отырып бару арқылы бақылау субъектісін оған қатысты профилактикалық бақылау жүргізуден басату үшін женілдетілген индикатор болып табылады.

14. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 141-бабының 3-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

15. Көрсетілген өлшемшарттарды айқындау үшін есептік кезең бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жоспарланған жартыжылдықтың алдындағы жарты жылдық болып табылады.

Қазақстан Республикасының
еңбек заңнамасын сақтаудағы
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
қосымша

Тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

P/ с №	Еңбек заңнамасын сақтаудағы тәуекелдер өлшемшарттары	Бұзушылық дәрежесі
Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар		
1	Ауыр немесе адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаның болуы	Өрескел
2	Зардал шеккен адамдардың өндірістік жарақаттарының ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған еңбек қызметіне байланысты топтық жазатайым оқиғаның болуы	Өрескел
Алдыңғы тексерулердің және субъекттіге бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптарды сактамаған жағдайда белгіленеді)		
1	Ауыр және адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді жүргізу сонымен қатар, зардал шеккен адамдардың өндірістік жарақаттарының ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған топтық жазатайым оқиғалар	Өрескел
2	Жұмыскерлерге демалыс кестесіне сәйкес демалыс беру, сондай-ақ оның берілу толықтығы	Өрескел
3	Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимдерін сақтау	Өрескел
4	Жалақыны және өзге де төлемдерді толық әрі уақытылы төлеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу	Өрескел
5	Жұмыскерлерді жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз ету	Өрескел
6	Еңбекке уақытша қабілетсіздік парагының сондай-ақ, еңбекке уақытша қабілетсіздік парагын төлеуді растайтын құжат болуы	Елеулі
7	Жыл сайынғы төленетін еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалысы) пайдаланылмаган күндері үшін өтемақы төлемдері	Елеулі
8	Өндірістік обьектілерді және қосалқы бөлімшелерді жұмыс берушінің аттестаттаудан өткізгенін растайтын аттестаттау нәтижесі туралы есептік болуы	Елеулі
9	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметтің немесе маманның болуы	Елеулі
10	Еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жасау, сондай-ақ жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнымен, жабдықтармен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін орындауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету	Елеулі

11	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті корғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді және білімдерін тексеруді жүргізуге арналған құжаттаманың болуы	Елеулі
12	Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқигалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру, жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттарының болуы	Елеулі
13	Жұмыс берушінің жұмыспен қамту және жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге, кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектердің кәсіптік оңалту саласындағы міндеттердің сақтауы	Елеулі
14	Еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудагы тең мүмкідіктердің қамтамасызын ету (өтініш түсін жағдайда тексеріледі)	Елеулі
15	Тәртіптік жаза колдану тәртібін сақтау	Елеулі
16	Ұжымдық шарттың, әлеуметтік әріптестік келісімдердің талаптарын орындау	Елеулі
17	Жұмыскерлерге қатысты еңбек шартының болуы	Елеулі
18	Балалардың еңбегін пайдалануға қойылған тыйымды сақтау	Елеулі
19	Енбекке ақы төлеу және еңбек жағдайына қатысты еңбек саласындағы кемсітүшілік	Елеулі
20	Жеке еңбек дауларын қарau жөніндегі келісу комиссияларын құру туралы жұмыс берушіңіндең болуы	Елеулі
21	Жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысын, ең тәменгі айлық жалакы беру, күнделікті жұмыс ұзактығы (жұмыс ауысымы) және ерекше жұмыс режимімен және еңбек жағдайларымен, жұмысынан айрылумен, жұмыскердің еңбек міндеттерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де міндеттерді орындаумен байланысты шығындарын өтеумен байланысты өтемекі төлемдері, сондай-ақ жұмыскерлердің немесе еңбек қатынастарында тұрмайтын өзге де адамдардың кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша төлемдер бөлігіндегі кепілдіктерді жүзеге асыру	Елеулі
22	Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңбек қызметімен байланысты өзге де құжаттарды беру	Елеулі
23	Мүгедектер, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және ата-анасынан айырылған немесе кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығының қалған білім беру үйимдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындау, сондай-ақ уәкілетті органға жұмыс берушінің таратылуына байланысты жұмыскерлердің алдағы жұмыстан босатылуы туралы акпаратты беруі, уәкілетті органға бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді үақтылы беру, жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы үақтылы хабарлау	Болмашы
24	Жұмыс берушінің шетелдік жұмыс күшін жергілікті атқарушы органның рұқсатының тартуы немесе халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтамалары немесе еңбекші көшіп келушіге ішкі істер органдары беретін рұқсаттары жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегін пайдалануы, сонымен қатар жұмыс берушінің шетелдік жұмыскердің жергілікті атқарушы органның шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатында көрсетілген лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) сәйкес келмейтін лауазымға (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуы	Болмашы
25	Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, ауыстыру, төлеу, шектету, жүргізілген ұсталымдар, демалыстар беру, қосымша төлемдерін белгілеу және кепілдіктер бөлігінде тиісті түрде қабылдаған актілердің сәйкес келуі	Болмашы
Уәкілетті органдар мен үйимдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері		

1	Жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауы кезінде жазатайым оқигалардан Орескел міндетті әлеуметтік сақтандыру шартының жасалмауы туралы мәліметтердің болуы
---	--

Бақылау субъектісі ұсынатын, оның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер және салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы берілетін есептілік пен мәліметтерді мониторингілеу нәтижелері

1	Кәсіпорындар ұсынатын өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттесттатаудан өткізу нәтижелерін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің республиканың зиянды, ауыр және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіпорындары бойынша мәліметтерімен салыстыру кезіндегі сәйкесіздіктердің анықталуы	Елеулі
2	Басшылар мен қауіпсіздік және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдардың еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау бойынша білімдерін тексерудің қанағаттанарлықсыз нәтижесі	Орескел
3	Өндірістік объектілерді еңбек жағдайларына байланысты аттесттатау бойынша есептерден мынадай көрсеткіштерге сәйкесіздікті анықтау: 1) өндірістік орта факторларының зияндығы мен қауіптілігі; 2) жеке корғаныс құралдарын беру нормасына сәйкес қамтамасыз ету; 3) жарақаттану қауіпсіздігі; 4) еңбек процесінің ауырлығы; 5) еңбек процесінің шиеленісі;	Орескел

Расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны

1	Тексеру нәтижелерімен расталған жалақы төленбеу (ұш немесе одан көп ай) мәселесі бойынша бір жыл ішінде жеке тұлғалардың жүгінуі туралы бірнеше фактілер (екі және одан да көп) не бір ұжымдық өтініш	Орескел
---	---	---------

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлінің
2018 жылғы 31 қазандығы
№ 473 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлінің
2018 жылғы 31 қазандығы
№ 43 бірлескен бүйріғына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрлінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1022 және

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 801 бірлескен бүйріғына
2-қосымша

Өнім шығарумен және жасаумен, пайдалы қазбаларды игерумен, өндірумен және қайта өндеумен, құрылышпен және өндірістік қызметтің басқа да түрлерімен айналысатын үйімдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын тексеру парагы

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеру/профилактикалық бақылау тағайындау туралы акт

(№, күні)

Бақылау субъектісінің атауы

Бақылау субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі
Орналасқан мекенжайы _____

P/ с №	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Ауыр және адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқигаларды тергеп-тексеруді жүргізу, сонымен бірге зардал шеккен адамдардың өндірістік жарақаттарының ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған топтық жазатайым оқигалар				
2	Жұмыскерлерге демалыс кестесіне сәйкес демалыс беру, сондай-ақ оның берілу толықтыры				
3	Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимдерін сақтау				
4	Жалақыны және өзге де төлемдерді толық әрі уақтылы төлеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу				
5	Жұмыскерлерді жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз ету				
6	Енбекке уақытша қабілетсіздік парагының сондай-ақ, еңбекке уақытша қабілетсіздік парагын төлеуді растайтын құжат болуы				
7	Жыл сайынғы төленетін еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалысы) пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдері				
8	Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді және қосалқы бөлімшелерді жұмыс берушінің аттестаттаудан өткізгенін растайтын аттестаттау нәтижесі туралы есептің болуы				
9	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметтің немесе маманның болуы				
	Еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жасау, сондай-ақ жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау				

10	талаңтарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнымен, жабдықтармен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін орындауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету			
11	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді және білімдерін тексеруді жүргізуге арналған құжаттаманың болуы			
12	Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру, жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттарының болуы			
13	Жұмыс берушінің жұмыспен қамту және жұмыс берушінің кінесінен жұмыста мертігуге, кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оңалту саласындағы міндеттерді сактауы			
14	Еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудагы тең мүмкідіктерді қамтамасыз ету (өтініштер түсken жағдайда тексеріледі)			
15	Тәртіптік жаза қолдану тәртібін сактау			
16	Ұжымдық шарттың, әлеуметтік әріптестік келісімдерінің талаңтарын орындау			
17	Жұмыскерлерге қатысты еңбек шартының болуы			
18	Балалардың енбегін пайдалануға қойылған тыйымды сактау			
19	Еңбекке ақы төлеу және еңбек жағдайына қатысты еңбек саласындағы кемсітушілік			
20	Жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссияларын құру туралы жұмыс беруші актісінің болуы			
21	Жыл сайынғы ақы төленетін негізі еңбек демалысын, ең төменгі айлық жалакы, құнделікті жұмыстың ұзақтығы (ауысымдық жұмыс) ұсыну бойынша кепілдіктерді жүзеге асыру, арнайы жұмыс режимі мен еңбек жағдайлары, жұмысынан айрылу, жұмыскердің еңбек өтіліне байланысты шығындардың немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де шығындарын өтеуіне байланысты өтемакы төлемдері сондай-ақ жұмыскерлердің немесе еңбек қатынастарында болмайтын басқа тұлғалардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша төлемдер			
22	Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңбек қызметімен байланысты өзге де құжаттарды беру			
23	Мүгедектер, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және ата-анасынан айырылған немесе кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындау, сондай-ақ уәкілетті органға жұмыс берушінің таратылуына байланысты жұмыскерлердің алдағы жұмыстан босатылуы			

	туралы ақпаратты беруі, уәкілдегі органға бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді уақтылы беру, жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы уақтылы хабарлау			
24	Жергілікті атқарушы органның шетелдік жұмыс күшін, шетелдік жұмыскерді қызметке (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуға рұқсатының болуы, сондай-ақ жұмыс беруші – ауыстыру, төлеу, шектету, жүргізілген ұстанымдар, жеке тұлға үй шаруашылығындағы жұмыстарды орындау (қызмет көрсетуге) еңбекші иммигранттарды тартуы немесе бір жұмыс берушіге – жеке тұлғаға бір уақытта бесеуден аспайтын еңбекші иммигрантпен үй шаруашылығындағы жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) бойынша еңбек шарттарын жасасуға ішкі істер органдары беретін тиісті рұқсаттардың болуы			
25	Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, демалыстар беру, қосымша төлемдер, өтемакы төлемдері мен кепілдіктер, беру, төлеу, тоқтата тұру, ұстап қалу, ұстап қалу бөлігінде еңбек қатынастарына қатысты қабылдаған актілердің болуы			

Лауазымды адам (адамдар) _____
 (лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

(лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
 Еңбек және халықты әлеуметтік
 қорғау министрінің
 2018 жылғы 31 қазандығы
 № 473 және

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2018 жылғы 31 қазандығы
 № 43 бірлескен бүйріғына
 3-қосымша

Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау және
 әлеуметтік
 даму министрінің
 2015 жылғы 25 желтоқсандағы
 № 1022 және

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2015 жылғы 28 желтоқсандағы
 № 801 бірлескен бүйріғына
 3-қосымша

Өндірістік емес саладағы (денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру, сауда, тұру және тамақтану бойынша қызметтер) үйымдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заннамасының сақталуын тексеру парагы

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеру/профилактикалық бақылау тағайындау туралы акт

(№, күні)

Бақылау субъектісінің атауы

Бақылау субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан мекенжайы

P/ с №	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Ауыр және адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқигаларды тергеп-тексеруді жүргізу, сонымен бірге зардан шеккен адамдардың өндірістік жаракаттарының ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған тоptық жазатайым оқигалар				
2	Жұмыскерлерге демалыс кестесіне сәйкес демалыс беру, сондай-ақ оның берілу толықтығы				
3	Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимдерін сақтау				
4	Жалақыны және өзге де төлемдерді толық әрі уақытылы төлеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды отеу				
5	Жұмыскерлерді жеке және ұжымдық корғану құралдарымен, арнайы киіммен қамтамасыз ету				
6	Енбекке уақытша қабілетсіздік парагының сондай-ақ, енбекке уақытша қабілетсіздік парагын төлеуді растайтын құжат болуы				
7	Жыл сайынғы төленетін енбек демалысының (жыл сайынғы енбек демалысы) пайдаланылмаган күндері үшін өтемакы төлемдері				

8	Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді және қосалқы бөлімшелерді жұмыс берушінің аттестаттаудан өткізгенін растайтын аттестаттау нәтижесі туралы есептің болуы		
9	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметтің немесе маманның болуы		
10	Еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жасау, сондай-ақ жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнымен, жабдықтармен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін орындауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету		
11	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді және білімдерін тексеруді жүргізуге арналған құжаттаманың болуы		
12	Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқигалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру, жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттарының болуы		
13	Жұмыс берушінің жұмыспен қамту және жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігүге, кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оқалту саласындағы міндеттерді сактауы		
14	Еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудағы тең мүмкідіктерді қамтамасыз ету (өтініштер түсken жағдайда тексеріледі)		
15	Тәртіптік жаза қолдану тәртібін сақтау		
16	Ұжымдық шарттың, әлеуметтік әріптестік келісімдерінің талаптарын орындау		
17	Жұмыскерлерге қатысты еңбек шартының болуы		
18	Балалардың еңбегін пайдалануға қойылған тыйымды сақтау		
19	Еңбекке ақы төлеу және еңбек жағдайына қатысты еңбек саласындағы кемсітушілік		
20	Жеке еңбек дауларын қарau жөніндегі келісу комиссияларын құру туралы жұмыс беруші актісінің болуы		
21	Жыл сайынғы ақы төленетін негізі еңбек демалысын, ең төменгі айлық жалақы, күнделікті жұмыстың ұзактығы (ауысымдық жұмыс) ұсыну бойынша кепілдіктерді жузеге асыру, арнайы жұмыс режимі мен еңбек жағдайлары, жұмысынан айрылу, жұмыскердің еңбек өтіліне байланысты шығындардың немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де шығындарын өтеуіне байланысты өтемақы төлемдері сондай-ақ жұмыскерлердің немесе еңбек қатынастарында болмайтын басқа тұлғалардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша төлемдер		
22	Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңбек қызметімен байланысты өзге де құжаттарды беру		

	Мүтедектер, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және ата-анасынан айырылған немесе кәмелеттік жасқа толғанга дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындау, сондай-ақ уәкілетті органға жұмыс берушінің таратылуына байланысты жұмыскерлердің алдағы жұмыстан босатылуы туралы ақпаратты беруі, уәкілетті органға бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді уақтылы беру, жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы уақтылы хабарлау			
23	Жергілікті атқаруышы органның шетелдік жұмыс күшін, шетелдік жұмыскерді қызметке (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуға рұқсатының болуы, сондай-ақ жұмыс беруші – ауыстыру, төлеу, шектету, жүргізілген ұстанымдар, жеке тұлға үй шаруашылығындағы жұмыстарды орындау (қызмет көрсетуге) еңбекші иммигранттарды тартуы немесе бір жұмыс берушіге – жеке тұлғаға бір уақытта бесеуден аспайтын еңбекші иммигрантпен үй шаруашылығындағы жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) бойынша еңбек шарттарын жасасуға ішкі істер органдары беретін тиісті рұқсаттардың болуы			
24	Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, демалыстар беру, қосымша төлемдер, өтемақы төлемдері мен кепілдіктер, беру, төлеу, токтата тұру, ұстап қалу, ұстап қалу бөлігінде еңбек қатынастарына катысты қабылдаған актілердің болуы			

Лауазымды адам (адамдар) _____
 (лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
 Бақылау субъектісінің басшысы

(лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
 Еңбек және халықты әлеуметтік
 қорғау министрінің
 2018 жылғы 31 қазандағы

№ 473 және
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы 31 қазандағы
 № 43 бірлескен бұйрығына
 4-қосымша

Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сактау және

әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1022 және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 801 бірлескен бұйрығына
4-қосымша

Жұмыскерлері еңбек қызметін кеңсе үй-жайларында жүзеге асыратын өндірістік емес саладағы үйшімдарға қатысты Қазақстан Республикасы еңбек заннамасының сақталуын тексеру парагы

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеруді/профилактикалық бақылауды
тағайындаған мемлекеттік орган

Бақылау субъектісіне бару арқылы тексеру/профилактикалық бақылау
тағайындау туралы акт

(№, күні)

Бақылау субъектісінің атауы

Бақылау субъектісінің жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан мекенжайы _____

P/ с №	Талаптардың тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	Ауыр және адам өлімімен аяқталған еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқигаларды тергеп-тексеруді жүргізу сонымен қатар, зардал шеккен адамдардың өндірістік жарақаттарының ауырлық дәрежесіне қарамастан, бір мезгілде екі және одан да көп жұмыскерлер ұшыраған топтық жазатайым оқигалар				
2	Жұмыскерлерге демалыс кестесіне сәйкес демалыс беру, сондай-ақ оның берілу толықтығы				
3	Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимдерін сақтау				
4	Жалақыны және өзге де төлемдерді толық әрі уақтылы төлеуді қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу				

5	Еңбекке уақытша қабілетсіздік парагының сондай-ақ, еңбекке уақытша қабілетсіздік парагын төлеуді растайтын құжат болуы			
6	Жыл сайынғы төленетін еңбек демалысының (жыл сайынғы еңбек демалысы) пайдаланылмаган күндері үшін өтемақы төлемдері			
7	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қызметтің немесе маманның болуы			
8	Еңбек қауіпсіздігі жағдайларын жасау, сондай-ақ жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жабдықталған жұмыс орнымен, жабдықтармен, құралдармен, техникалық құжаттамамен және еңбек міндеттерін орындауға қажетті құралдармен қамтамасыз ету			
9	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді және білімдерін тексеруді жүргізуге арналған құжаттаманың болуы			
10	Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқигалардан міндетті әлеуметтік сақтандыру, жұмыскерлерді міндетті әлеуметтік сақтандыру шарттарының болуы			
11	Жұмыс берушінің жұмыспен қамту және жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігүге, кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді кәсіптік оңалту саласындағы міндеттерді сактауы			
12	Еңбек саласындағы құқықтар мен бостандықтарды іске асырудагы тең мүмкідіктерді қамтамасыз ету (өтініштер түсken жағдайда тексеріледі)			
13	Тәртіптік жаза колдану тәртібін сактау			
14	Ұжымдық шарттың, әлеуметтік әріптестік келісімдерінің талаптарын орындау			
15	Жұмыскерлерге қатысты еңбек шартының болуы			
16	Балалардың еңбегін пайдалануға қойылған тыйымды сактау			
17	Еңбекке акы төлеу және еңбек жағдайына қатысты еңбек саласындағы кемсітушілік			
18	Жеке еңбек дауларын қарau жөніндегі келісу комиссияларын құру туралы жұмыс беруші актісінің болуы			
19	Жыл сайынғы акы төленетін негізі еңбек демалысын, ең төменгі айлық жалақы, күнделікті жұмыстың ұзақтығы (ауысымдық жұмыс) ұсыну бойынша кепілдіктерді жузеге асыру, арнайы жұмыс режимі мен еңбек жағдайлары, жұмысынан айрылу, жұмыскердің еңбек өтіліне байланысты шығындардың немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де шығындарын өтеуіне байланысты өтемақы төлемдері сондай-ақ жұмыскерлердің немесе еңбек қатынастарында болмайтын басқа тұлғалардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша төлемдер			

20	Жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңбек қызметімен байланысты өзге де құжаттарды беру			
21	Мүгедектер, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және ата-анасынан айырылған немесе кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар катарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындау, сондай-ақ уәкілетті органға жұмыс берушінің таратылуына байланысты жұмыскерлердің алдағы жұмыстан босатылуы туралы ақпаратты беруі, уәкілетті органға бос жұмыс орындары туралы мәліметтерді уақтылы беру, жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту туралы уақтылы хабарлау			
22	Жергілікті атқаруши органның шетелдік жұмыс күшін, шетелдік жұмыскерді қызметке (кәсіпке немесе мамандыққа) тартуға рұқсатының болуы, сондай-ақ жұмыс беруші – ауыстыру, төлеу, шектету, жүргізілген ұстанымдар, жеке тұлға үй шаруашылығындағы жұмыстарды орындау (қызмет көрсетуге) енбекші иммигранттарды тартуы немесе бір жұмыс берушіге – жеке тұлғаға бір уақытта бесеуден аспайтын енбекші иммигрантпен үй шаруашылығындағы жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) бойынша енбек шарттарын жасасуға ішкі істер органдары беретін тиісті рұқсаттардың болуы			
23	Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, демалыстар беру, қосымша төлемдер, өтемақы төлемдері мен кепілдіктер, беру, төлеу, тоқтата тұру, ұстап қалу, ұстап қалу болігінде енбек қатынастарына қатысты қабылдаған актілердің болуы			

Лауазымды адам (адамдар) _____
 (лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
 Бақылау субъектісінің басшысы

(лауазымы, қолы)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)